

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 6 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 1 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4070. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 147 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 147 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы

2. Осы қаулы қолданысқа енген күннен бастап Агенттік Басқармасының "Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 15 наурыздағы N 68 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2818 тіркелген, "Заң газеті" N 175-176 газетінде 2005 жылғы 23 қыркүйекте жарияланған) күші жойылсын.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

4. Қаржы үйымдарын тарату департаменті:

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі

бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, жинақтаушы зейнетақы қорларына жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жүртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және үйымдарын
реттеу мен агенттігі
Басқармасының қадағалау
2006 жылғы 9 қаңтардағы
N 6 қаулысымен бекітілген

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің

Ережесі

Осы Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесінде (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің (бұдан әрі – уәкілетті орган) банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін, сондай-ақ зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан (бұдан әрі – лицензия) айыруға байланысты тағайындалған банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау тәртібі, уақытша әкімшіліктің жұмысын үйымдастыру тәртібі және өкілеттіктері айқындалады.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) Орталық – Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан

Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) сәйкес функцияларды жүзеге асыруға өкілеттік берген заңды тұлға;

2) уақытша әкімшілік (уақытша басқарушы) – мүліктің сақталуын қамтамасыз ету және ұйымды басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін үәкілетті орган тағайындастын орган (бұдан әрі – уақытша әкімшілік);

3) уақытша әкімшіліктің басшысы – үәкілетті орган өз қызметкерлерінің қатарынан, не өзінің қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалардың қатарынан тағайындастын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін тұлға;

4) уақытша әкімшіліктің мүшесі – үәкілетті орган өз қызметкерлерінің қатарынан, не өзінің қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалардың қатарынан уақытша әкімшіліктің жұмысына қатысу үшін тағайындастын тұлға.

Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2-тaraу. Уақытша әкімшілікті тағайындау тәртібі

2. Уақытша әкімшілік үәкілетті органның шешімімен тағайындалады.

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі – ұйым) уақытша әкімшілігі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі үәкілетті орган лицензиядан айыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап және үәкілетті орган тарату комиссиясын тағайындағанға дейінгі кезеңге тағайындалады.

Ескерту. 2-тармақ жана редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Үәкілетті органның уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімінде:

1) ұйымның толық әрі қысқартылған атауы;
2) ұйымның лицензиясын айыру туралы үәкілетті орган шешімінің күні және нөмірі;

3) уақытша әкімшіліктің қызмет ету мерзімі;

4) уақытша әкімшілік басшысының және мүшелерінің, олардың лауазымдарын көрсете отырып, фамилиясы, аты, болса әкесінің аты көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.01.25. N 9 (

мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулысымен.

4. Уақытша әкімшілік мүшелерінің санын уәкілетті орган айқындайды.

Уақытша әкімшілік мүшелері, уәкілетті орган қызметкерінің уақытша әкімшіліктің жұмысына қатысуы оның лауазымдық міндеттерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың келісімімен тағайындалады.

Уақытша әкімшіліктің құрамына кіретін әрі уәкілетті органның қызметкерлері болып табылатын тұлғалар, мұндай қызметкердің уақытша әкімшіліктің жұмысына қатысуы оның лауазымдық міндеттерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, уақытша әкімшіліктегі қызметінің барлық кезеңіне негізгі жұмыс орны бойынша лауазымдық міндеттерді орындаудан босатылады.

Көрсетілген кезеңде оның жалақысы және негізгі жұмыс орны бойынша белгіленген өзге де төлемдер сақталады.

Уақытша әкімшілік басшысының міндетін атқаруды уәкілетті орган уақытша әкімшілік басшысына қойылатын талаптарға сәйкес басқа тұлғага жүктей алады.

5. Уақытша әкімшіліктің құрамына:

1) ұйымның қызметкерлері, оның ішінде ұйымның, оның филиалдарының және еншілес ұйымдарының басшылары, басқару органы мен атқару органына кіретін тұлғалар, сондай-ақ бас бухгалтер, ревизиялық комиссия басшысы (ревизор) және ішкі аудит қызметінің басшысы;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйыммен ағғирилленген тұлға;

3) осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, ұйымның кредиторы болып табылатын тұлға;

4) ұйым алдында берешегі бар тұлға;

5) соңғы жыл ішінде қаржы саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлға;

6) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан артық емес кезең ішінде қаржы ұйымында жұмыс істеген тұлға кірмейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын банктің уақытша әкімшілігінің құрамына екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның екілдері кіргізіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы

Ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 124 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

3-тарау. Уақытша әкімшіліктің жұмысын ұйымдастыру тәртібі және өкілеттігі

7. Лицензиядан айырылған және уақытша әкімшілік тағайындалған күннен бастап:

1) ұйым мынадай шығыстарға:

уақытша әкімшіліктің қызметін қамтамасыз етуге және ұйымға түсетін ақшаны есепке жазуға байланысты ұйымды ұстау;

жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды қамтамасыз ету, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына (бұдан әрі – алушы Қор) немесе сақтандыру ұйымына аударым жасау;

банктің банк активтері мен жеке және (немесе) заңды тұлғалардың алдындағы міндеттемелерін бір мезгілде ішінана не толық көлемде басқа банкке (банктерге) беру операциясын жүргізу;

банктің қате төлем құжаттары бойынша келіп түскен ақшаны қайтару шығыстарына;

жинақтаушы зейнетақы қорының жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін алушы Қорға беруге байланысты, сондай-ақ аудит жүргізгенде – аудиторлық ұйымның қызметтерін төлеуге байланысты шығыстарына байланысты жағдайларды қоспағанда, қаржы қызметін жүзеге асыруды, оның ішінде қолданыстағы шоттар бойынша барлық операцияларды тоқтатады;

2) жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы төлемдеріне құқығы бар салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асырады;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры салымшылардың (алушылардың) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау өтініштерін қабылдауды тоқтатады;

4) ұйымның органдары мен құрылтайшылары (қатысушылары) ұйымның мүлкіне иелік етпейді, оның істерін басқару функцияларын орындаудан шеттетіледі және уақытша әкімшілікке бухгалтерлік және өзге де құжаттаманы, материалдық және өзге де құндылықтарды, ұйымның мөрлері мен мөртабандарын беруді қамтамасыз етеді;

5) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995

жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Банктер туралы заң), Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Сақтандыру туралы заң) көзделген салдар басталады.

Ескерту. 7-тармақ жана редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Уақытша әкімшілік уәкілетті орган оны тағайындаған күні өз міндеттерін орындауға кіріседі. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ұйымды лицензиясынан айыру және уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімдерінің көшірмелерін уақытша әкімшілік ұйымның басшылығына қол қойдырып тапсырады.

Шешімдерді қол қойдырып тапсыру мүмкін болмаған жағдайда уақытша әкімшілік бұл туралы акті жасайды және уәкілетті органды хабардар етеді.

Уақытша әкімшілік басшысы уақытша әкімшіліктің жұмысына басшылық жасайды және үйлестіреді, мүліктің сақталуын қамтамасыз ету және қаржы ұйымын басқару өкілеттіктерін жүзеге асырады, уақытша әкімшілік мүшелерінің арасында міндеттерді бөледі.

Міндеттерді бөлуді уақытша әкімшілік басшысы уақытша әкімшілік тағайындалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уақытша әкімшілік мүшелерінің арасында міндеттерді бөлу туралы бұйрық шығару және олардың өкілеттіктерін бекіту арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 8-тармақ жана редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012. № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Уақытша әкімшілік ұйым басшысына уәкілетті органның уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімін тапсырған күні мынадай іс-әрекеттерді орындауды:

1) ұйым басшысынан өзіне барлық мөрлерді, мөртабандарды, клише мен пломбирлерді, ұйымды тіркеуге байланысты құжаттарды, ұйымға берілген лицензиялардың түпнұсқаларын, фирмалық бланкілерді, ақпаратты электрондық тасымалдағыштарды, бағдарламалық қамтамасыз етуді, ұйым меншік иесі болып табылатын құжаттамалық нысанда шығарылған басқа заңды тұлғалардың бағалы қағаздарын дереу тапсыруын талап етеді және оларды қабылдау-тапсыру актісі бойнишада кабылдауды;

2) Банктер туралы заңын 48-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында, Сақтандыру туралы заңын 69-бабы 2-тармағының 6) тармақшасында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңын 45-2-бабы 4-тармағының 6) тармақшасында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады;

3) ұйымның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің кассасындағы барлық ақшалай және өзге де құндылықтарын тексереп, кассаға тексеру (ревизия) жүргізеді, қолма-қол ақшаны одан кейін банктің корреспонденттік шоттарына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және тиісінше банктерде ашылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен жинақтаушы зейнетақы қорының ағымдағы шоттарына аудару үшін оның инкассациясын ұйымдастырады;

4) ұйымның атынан бұрын берілген сенімхаттардың қүшін жояды;

5) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ұйымды лицензиясынан айыру туралы шешімінің көшірмесін және уәкілетті органның уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімінің көшірмесін ұйымның клиенттері танысу үшін қол жетімді орында

орналастырады;

6) уақытша әкімшілікті тағайындау күніне қолда бар электрондық түрдегі бухгалтерлік ақпаратты (банктер үшін – баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдық туралы есеп (700-Н нысаны), сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін – бас бухгалтерлік кітап) есептік автоматтандырылған жүйенің деректерін бөлек электрондық тасымалдағышқа көшіре отырып (резервтік көшірмелер) басып шығарады. Мұндай ақпарат электрондық түрде болмаған кезде қағаз тасымалдағыштағы көрсетілген күнгө ақпарат негізге алынады.

Ескерту. 9-тармақ жана редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012. № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Уақытша әкімшілік мынадай іс-әрекеттерді орындаиды:

1) ұйымның активтерін, міндеттемелерін (баланстық және балансстан тыс), құжаттарын түгендеуді жүргізеді, қабылдау-тапсыру актісі бойынша ұйымның мүлкін және құжаттарын қабылдайды, олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

2) ұйымды басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асырады және ұйымның барлық құжаттарына қол жояды;

3) ұйымның атынан соттарға талап-арыздар, оның ішінде егер ұйым органдары мүшелерінің, бас бухгалтерінің іс-әрекетімен (әрекетсіздігімен) ұйымға шығын келтірілген болса, оларды жауапкершілікке тарту туралы талап-арыздар береді;

4) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тараплатын екі мерзімді баспа басылымында қазақ тілінде және орыс тілінде хабарландыру жариялау жолымен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиядан айыру туралы шешімін және уәкілетті органның уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімінің көшірмесін ұйым акционерлеріне, кредиторларына және дебиторларына жеткізеді;

5) тағайындалған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде ұйым шоттарының бар екендігін анықтайды және корреспонденттік, ағымдағы шоттардың (оның ішінде шетелдік банктердегі) және жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкіндегі шоттардың қалдықтарын салыстырып тексереді. Ұйымның бухгалтерлік есебінің деректері бойынша шоттардың қалдықтарын көрсетілген шоттар ашылған банктердің деректерімен салыстырып тексереді және салыстырып тексеру қорытындылары бойынша тиісті акті жасайды;

6) толық материалдық жауапкершілік атқаратын адамдар, оның ішінде бухгалтерлік есепті жүргізу дің автоматтандырылған ақпарат жүйесіне және ұйымның қаржылық және өзге де есептілігін жасауға қолы жетімді адамдар
т о б ы н

а й қ ы н д а й д ы ;

7) уақытша әкімшіліктен тарату комиссиясына ұйымның мүлкін, құжаттарын және іс қағаздарын қабылдау-тапсыру аяқталғаннан кейін уақытша әкімшіліктің орындаған жұмысы туралы есебін уәкілетті органға бекіту үшін ұсынады;

8) уақытша әкімшіліктің қызметі кезеңінде қызметкерлермен еңбек қатынастарын жалғастыру қажеттілігі болмаған жағдайда олармен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарттарын бұзады;

9) тағайындалған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде мүлікті және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын органдарға, сондай-ақ «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі», «Бағалы қағаздардың бірынғай тіркеушісі», «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамдарына ұйымның лицензиясынан айырылғаны және уақытша әкімшіліктің тағайындалғаны туралы хабарлайды және ұйымның мүлкін иелігінен шығару жөніндегі уақытша әкімшілік жасамайтын мәмілелерді тіркеуге, сондай-ақ ұйым кепіл ұстаушысы болып табылатын мүліктен ауыртпалықты алуға тыйым салуды белгілейді;

10) ұйымның активтерін анықтайды;

11) өзінің функциялары мен міндеттерін орындауды қамтамасыз ету үшін ақысы төленетін қызмет көрсету шарттары бойынша адамдарды тартады;

12) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ақысы төленетін қызмет көрсету шарттарын өзгертеді және бұзады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012. № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Уақытша әкімшілік өз қызметі кезеңінде Ереженің 7-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, шығыс операцияларын жүзеге асырай. а с ы р м а й д ы .

Уақытша әкімшілік шығыстарды уақытша әкімшілік басшысы бекіткен шығыстар сметасына сәйкес жүзеге асырады. Шығыстар сметасы ай сайынғы жоспарланатын шығындарға қарай жасалады және уақытша әкімшілік

тағайындалған күннен бастап жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей түсіндірме жазбасымен уәкілетті органға ұсынылады.

Уәкілетті орган уақытша әкімшіліктің қызметіне, оның ішінде уақытша әкімшіліктің шығыстар сметасында көзделген ақшаның пайдаланылуына бақылау жасады.

Шығындардың бір бабы бойынша басқа бап бойынша үнемдеу есебінен артық шығысты жүзеге асыруға жол берілмейді.

Ескеरту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012. № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Шығыстар сметасында мынадай шығын баптары көзделеді:

1) еңбекақы төлеу бойынша шығыстар;

2) бюджетке аударым;

3) әкімшілік шығыстары;

4) тауарлы-материалдық құндылықтарды сатып алу бойынша шығыстар;

5) іссапар шығыстары;

6) қате төлем құжаттары бойынша келіп түскен ақшаны қайтару жөніндегі шығыстар;

6-1) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды қамтамасыз ету, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, сондай-ақ жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру үйіміна аударым жасау бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының шығыстары;

6-2) жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін және міндеттемелерін Алушы қорға берумен байланысты шығыстары, сондай-ақ аудитті жүргізгенде – аудиторлық үйімінің қызметін төлеумен байланысты шығыстары;

6-3) банктің активтері мен міндеттемелерін бір уақытта басқа банкке (банктерге) өткізу бойынша операцияны жүргізуге банк шығыстары;

6-4) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйімінің сақтандыру портфелін бөлігімен не толық көлемде басқа сақтандыру үйіміна табыстау бойынша шығыстар;

7) көздемеген шығыстар.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйімдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.01.25. N 9 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді), 2008.11.28 N 192; 2009.07.07. N 137; 2010.03.01 N 20; 2010.09.03 N 124 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

13. Еңбекақы төлеу бойынша шығыстар мынадай шығындарды көздейді: уақытша әкімшіліктің құрамына енген уәкілетті орган, екінші деңгейдегі

банктердегі депозиттерге міндettі кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның және сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді қоспағанда, уақытша әкімшілік басшысына және мүшелеріне еңбекақы төлеу, ұйымда бар филиалдар мен өкілдіктерді есепке ала отырып, ұйым қызметкерлеріне еңбекақы төлеу.

Еңбекақы төлеуге қатысты шығыстар сметасын қалыптастыру кезінде есеп айырысулар жасалған еңбек шарттарына, қызметті өтелмелі көрсету шарттарына және жұмысқа қабылдау бүйрекшілеріна негізделеді.

Уақытша әкімшілікке Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 48-бабына сәйкес қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу талаптарын өзгертуге жол беріледі.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.01.25. N 9 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді), 2008.11.28 N 192; 2010.09.03 N 124 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

14. Салықтар және бюджетке басқа міндettі төлемдер бойынша шығыстар Қазақстан Республикасы салық заңдарының талаптарына сәйкес жасалады.

15. Әкімшілік шығыстар мыналарға:

1) қызметтік және шаруашылық мұқтаждар үшін көлік жалдау бойынша қызметке;

2) байланыс қызметіне (телефонды, телеграфты пайдаланғаны үшін абоненттік төлем, қалааралық және халықаралық сөйлесулер, пошта және анықтама қызметі бойынша шығыстар);

3) үйлер мен ғимараттарды (меншіктік және кепілдік мүлік) қорғау және сигнализациялау бойынша қызметке;

4) көлікті қорғау бойынша қызметке;

5) көлік үшін тұрақ ұсыну бойынша қызметке;

6) көлікті тіркеу бойынша қызметке;

7) көлікті техникалық жағынан қарau бойынша қызметке;

8) көлікті сақтандыру бойынша қызметке;

9) коммуналды қызметке;

10) жеңіл-желпі жөндеу жұмысы, мердігерлік тәсілмен жүзеге асырылатын негізгі құрал-жабдықтарға техникалық, сервистік қызмет көрсету (қарau) бойынша жұмыстар;

11) бағдарламалық қамтамасыз етуге қызмет көрсетуге;

12) үй-жайды жалдауға;

13) жылжымайтын мүлікті тіркеу және тіркеу органдарындағы сәйкес

- құжаттама бойынша қызметке;
- 14) мүлікті бағалау бойынша қызметке;
- 15) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланым бойынша қызметке;
- 16) сауда-саттықты ұйымдастыру мен жүргізу бойынша қызметке;
- 17) жылу жүйесін іске қосуға дайындық бойынша қызметке;
- 18) сантехникалық жұмыстарға;
- 19) мүлікті сақтау бойынша қызметке;
- 20) нотариалдық куәлік бойынша қызметке;
- 21) мүлікті тасымалдау, тиесінде, түсіру бойынша қызметке;
- 22) терезелерге, есіктерге тор даярлау және құру бойынша жұмыстарға;
- 23) инкасация қызметіне;
- 24) сараптама жүргізу бойынша қызметке;
- 25) құжаттарды аудару бойынша қызметке;
- 26) телефон нөмірлерін құруға, ауыстыруға немесе көшіруге;
- 27) бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі тіркеушінің қызмет көрсетулері;
- 28) құжаттарды ғылыми-техникалық өндіріс мен оларды мұрағатқа өткізу

б о й ы н ш а қ ы з м е т к е ;

29) банк шотына қызмет көрсету, банк шотын ашусыз жүзеге асырылған ақшаны аударым жасау мен төлем жасау жөніндегі қызметтерге өзделуі мүмкін.

Жұмыс пен қызметке ақы төлеудің түрақты және бір жолғы сипаты бар.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.07.07. N 137; 2010.09.03 N 124 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

16. Женіл-желпі мұқтаждарды қанағаттандыруға және ең аз жол берілетін қорды құруға бағытталған тауарлы-материалдық құндылықтарды сатып алу

б о й ы н ш а ш ы ғ ы с т а р :

- 1) жұмыс жағдайындағы офис жабдығын қамтамасыз етуге;
- 2) көлік құралдарын қамтамасыз етуге;
- 3) үй-жайларды қамтамасыз етуге;
- 4) қағаз және бланк өнімдерін сатып алуға;
- 4-1) жанар-жағар май материалдарын сатып алу;
- 5) кеңсе тауарларын сатып алуға арналған.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 167 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

17. Эр түрлі қызметтер мен тауарлы-материалдық құндылықтарды сатып алуға арналған шығыстар сметасына қосқан кезде уақытша әкімшілік тарифтік

торлар мен осы өнірде белгіленген орташа алынған рыноктық бағаның негізінде есептеулер жасайды.

18. Уақытша әкімшілік басшысының және мүшелерінің, ұйым қызметкерлерінің іссапарларға шығуы бойынша шығыстар сметада көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.01.25. № 9 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулысымен.

19. Қате төлем құжаттары бойынша келіп түскен ақшаны қайтару Қазақстан Республикасының ақша төлемі мен аударымы туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 124 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

19-1. Болжанбаған шығыстар мөлшері банк үшін екі жұз айлық есептік көрсеткіштен және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, жинақтаушы зейнетакы қоры үшін жұз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, осы Ереженің 12-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 6-1), 6-2), 6-3), 6-4) тармақшаларында көзделмеген уақытша әкімшіліктің кезек күттірмейтін мұқтаждарға жоспарланбаған шығындарын білдіреді.

Ескерту. 19-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

20. Уақытша әкімшілік өз қызметі кезеңінде қызметтік үй-жайларды, байланыс құралдарын, автомобиль көлігін және уақытша әкімшіліктің қызметін жүзеге асыру үшін ұйымға тиесілі өзге де техникалық құралдарды пайдаланады.

Уақытша әкімшілік ұйымда оның қызмет атқаруын қамтамасыз ету үшін қажет техникалық құрал-жабдықтар болмаған жағдайда уәкілетті орган берген техникалық құрал-жабдықтарды пайдаланады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 124 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

21. Уәкілетті орган бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру мақсатында уақытша әкімшілікке жазбаша үйғарымдар жібереді және уақытша әкімшіліктің қызметін тексереді. Уақытша әкімшіліктің есептілікті ұсынуының нысаны, мерзімдері және кезеңділігі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3581 тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының

2005 жылғы 26 наурыздағы № 98 қаулысымен бекітілген Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушының) есеп пен өзге ақпаратты беруіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықта белгіленеді.

Ескеरту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

22. Уақытша әкімшіліктің қызметі уәкілетті орган ұйымның тарату комиссиясын тағайындаған сәттен бастап тоқтатылады.

23. Уақытша әкімшілік тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап өз өкілеттігінен босайды және Банктер туралы занда, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы занда, Сақтандыру туралы занда белгіленген мерзімдерде және тәртіpte құжаттар мен мүлікті (ұйымның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасын, мөрлерін, мөртабандарын, материалдық құндылықтарын және өзге де мүлкін) тарату комиссиясының төрағасына табыстауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

24. 24-тармақ алғыншыл тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 124 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

25. Банктің уақытша әкімшілігі мынадай іс-әрекеттер орындайды:

1) банктің активтері мен міндеттемелерін, баланстан тыс активтері мен міндеттемелерін, қолдағы шарттар мен басқа да негізгі құжаттарды түгендейді, оның нәтижелері бойынша түгендеу тізімдемелерін жасайды;

2) банктің корреспонденттік шоттары бар банктерге және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне уәкілетті органның уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімінің көшірмесін ұсынады;

3) тағайындалған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кеш емес мерзімде банктің корреспонденттік шоттары бар банктерге және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы № 266 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1199 тіркелген) (бұдан әрі – № 266 қаулы) бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесінің талаптарына сәйкес ресімделген қол қою және мөр бедерінің үлгілері бар жаңа құжаттарды ұсынады;

4) тағайындалған күнінен бастап бес жұмыс күнінен кеш емес мерзімде екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен

қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиядан айыру туралы шешімін және уәкілетті органның уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімін жібереді;

5) тағайындалған күнінен бастап отыз жұмыс күнінен кеш емес мерзімде екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға кепілдік берілуі тиіс депозиттер туралы және екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен келісілген нысандар бойынша оларға есептелген сыйақы сомасы туралы
ақпаратты

береңі;

6) банкке келіп түсетін қолма-қол емес және қолма-қол ақшаның, оның ішінде заемшылар бұрын берілген кредиттер бойынша қайтарғанын, кредиттер бойынша сыйақы мен өзге де кірістерді, сондай-ақ тұрақсыздық айыптарын, есімпұлдар мен айыппұлдарды, банктің аванстық төлемдерінің қайтарылуын, сондай-ақ банкке меншік құқығында тиесілі бағалы қағаздарды өтеуден болған қаражатты қоса алғанда, бұрын жасалған мәмілелерден болған (қолма-қол ақшасыз және қолма-қол ақшалай нысанда) кірістердің есепке жазылуын
бақылады;

7) «Мерзімінде төленбеген есеп айырысу құжаттары», «Банктің корреспонденттік шотында ақшаның болмауынан мерзімінде төленбеген клиенттердің есеп айырысу құжаттары» баланстан тыс шоттары бойынша картотекадан төлем құжаттарын қайтарады;

8) банк лицензиясынан айырылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде банктің активтерін және жеке және (немесе) занды тұлғалардың алдындағы міндеттемелерін Агенттік Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы № 176 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5770 тіркелген) бекітілген Банктік операцияларды жүргізуге берілген лицензиядан айырылған банктің активтерін және міндеттемелерін бір мезгілде басқа банкке (банктерге) беру операциясын жүргізу ережесінде белгіленген тәртіпте бөлігімен не толық көлемде бір мезгілде басқа банкке (банктерге) беру операциясын жүргізу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

25-1. Уақытша әкімшілік шығыстарды барынша азайту мақсатында ұйымның мұлкін жалға береңі .

Мұлікті жалға бергеннен алынған ақша ұйымның банк шотына жіберіледі.

Уақытша әкімшіліктің жалдау шартын жасауы уақытша әкімшіліктің бірінші талабы бойынша мұлікті босатуға (қайтаруға) және жалданған мұлікті қосалқы жалға (қосалқы жалдауға) беруге болмайтындығы жөніндегі шектеулерді

қабылдауға жалға алушының келісімі болған кезде жүзеге асырылады.

Жалдаушыны уақытша әкімшілік тендер өткізу жолымен таңдайды, оның нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандығы № 40 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4181 тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында банктерді мәжбүрлеп тарату ережесі 84-2, 84-3, 84-4, 84-5 және 84-6-тармақтарының талаптарына сәйкес шарт жасалады.

Ескеरту. Ереже 25-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012. № 379 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігі мынадай іс-әрекеттер орындаиды:

1) активтер мен міндеттемелерді, жеке шоттарды, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын, сақтандыру полистерін және басқа да негізгі құжаттарды түгендейді, оның нәтижелері бойынша түгендеу тізімдемелерін жасайды;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының, полистерінің бланкілерін және сақтандыру агенттеріндегі қолма-қол ақша қалдығын алады. Қолма-қол ақша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банк шотына тапсырылады;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банк шоттары бар банктерге уәкілетті органның уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімінің көширмесін ұсынады;

4) тағайындалған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кеш емес мерзімде банк шоттарының ашылу орны бойынша банктерге № 266 қаулының талаптарына сәйкес ресімделген қол қою және мөр бедерінің үлгілері бар жаңа құжаттарды ұсынады;

5) активтерді, оның ішінде сақтандыру резервтерінің қаражатын анықтайды;

6) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиядан айыру туралы шешімін және уәкілетті органның уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімін сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның назарына жеткізеді;

7) тағайындалған күнінен бастап отыз күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру шарттарының тізілімін ұсынады;

8) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымына келіп түсетін барлық қолма-қол емес және қолма-қол ақшаның, оның ішінде орналастырылған сақтандыру резервтері мен кірістерінің қайтарылуын, оның ішінде сақтандыру сыйлықақылары мен өзге де кірістердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының аванстық төлемдерінің, дебиторлық берешегінің, тұрақсыздық айыптарының, өсімпұлдар мен айыппұлдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымына меншік құқығында тиесілі бағалы қағаздарды өтеуден болған қаражаттың есепке жазылуын бақылайды;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы лицензиясынан айырылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Сақтандыру туралы заңның 54-1-бабында көзделген тәртіппен уәкілетті органмен келіслуге тиіс сақтандыру портфелін табыстау тұралы шешім қабылдауды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

27. Жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігі мынадай іс-әрекеттер орындауды:

1) Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын екі мерзімді баспа басылымында мемлекеттік тілде және орыс тілінде хабарландыру жариялау жолымен зейнетақы жарналарын тарту және жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру лицензиясынан айырылғаны туралы ақпаратты салымшылардың (алушылардың) назарына жеткізеді. Хабарландыруда қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиядан айыру туралы шешімді қабылдау күні, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша зейнетақы активтерін және міндеттемелерді Алушы қорға беруді уақытша әкімшілік өзінің таңдауы бойынша жүзеге асыратыны туралы ақпарат қамтылады, таңдауы туралы ақпаратты уақытша әкімшілік Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын екі мерзімді баспасөз басылымында мемлекеттік тілде және орыс тілінде жариялады;

2) қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорын лицензиядан айыру туралы шешімінің көшірмесін және уәкілетті органның уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімінің көшірмесін зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын үйымға және банк шоттары бар банктерге, сондай-ақ кастодиан банкке үснады;

3) тағайындалған күнінен бастап бес жұмыс күнінен кеш емес мерзімде банктерге және кастодиан банкке № 266 қаулының талаптарына сәйкес

ресімделген қол қою және мөр бедерінің үлгілері бар жаңа құжаттарды ұсынады;

4) жинақтаушы зейнетақы қорына келіп түскен қолма-қол емес және қолма-қол ақшаның, оның ішінде зейнетақы жарналарының, дебиторлық берешектің, сондай-ақ тұрақсыздық айыптарының, өсімпұлдар мен айыппұлдардың есепке жазылуын, қаржы құралдарына орналастырылған зейнетақы активтерінің, басқа кірістердің, жинақтаушы зейнетақы қорының аванстық төлемдерін, меншік құқығындағы жинақтаушы зейнетақы қорына тиесілі бағалы қағаздарды өтеуден түскен қаражаттың қайтарылуын бақылайды;

5) жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері мен міндеттемелерін түгендейді, сондай-ақ мыналарды көрсете отырып, зейнетақы активтерінің жай-күйі туралы мәліметтер қамтылатын уақытша әкімшіліктің, жинақтаушы зейнетақы қорының және Орталықтың арасында жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді қабылдау-тапсырудың үш жақты актісін жасайды:

жасалған және қолданылуы тоқтатылған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттардың жалпы тізімі, сондай-ақ осы жинақтаушы зейнетақы қорында ашық жеке зейнетақы шоты бар, осы жинақтаушы зейнетақы қорымен жасалған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт туралы мәліметтері жоқ
са л ы м ш ы л а р т і з і м і ;

міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының тізімі, ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының тізімі, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары салымшыларының тізімі, оларда мынадай ақпарат:

жеке зейнетақы шотының нөмірі;

салымшының (алушының) тегі, аты, бар болса – әкесінің аты;

салымшының (алушының) жынысы;

әлеуметтік жеке коды және салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе бар болса

– жеке сәйкестендіру нөмірі;

зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың нөмірі мен жасалған күні;

салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, оны берген мемлекеттік орган туралы мәліметтер, берілген күні;

салымшының (алушының) мекенжайы, тұргылықты жері, сондай-ақ оның жеке зейнетақы шотына келіп түскен барлық түсімдердің сомасы туралы мәліметтер қ а м т ы л а д ы ;

жинақталған зейнетақы қаражаты осы тармақтың 15) тармақшасына сәйкес басқа жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе сақтандыру ұйымдарына аударылуға тиіс жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының (алушыларының) т і з і м і ;

инвестициялық портфельдің құрылымы, уақытша әкімшілікті тағайындау күніне шоттардағы инвестицияланбаған ақша қалдығы, ұлттық сәйкестендіру

нөмірін, айналыста болу мерзімін, санын (данасын), сатып алу бағасын, бір бағалы қағаздың ағымдағы құнын, пайыздар мен дивиденттер бойынша есептелген кірісті, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамының есепке алу жүйесіндегі кастодиан банктің жеке шоты шеңберінде ашылған жинақтаушы зейнетақы қорының қосалқы шотындағы бағалы қағаздардың жалпы санын көрсете отырып, тапсырылатын бағалы қағаздар т і з б е с і ;

зейнетақы активтері орналастырылған басқа қаржы құралдарының сомасы, с а н ы ж ә н е т і з б е с і ;

міндеттемелер сомасы, оның ішінде қате есепке жазылған сомалар, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымға, кастодиан банкке, жинақтаушы зейнетақы қорына комиссиялық сыйақылар сомалары, өзге м і н д е т т е м е л е р ;

6) одан әрі зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ, қажет болған жағдайда зейнетақы активтерін инвестициялық басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымды таңдайды және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігі мүшелерінің қатарынан осы жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдауды жүзеге асыратын инвестициялық комитеттің құрамына кіретін қ ы з м е т к е р д і а й қ ы н д а й д ы ;

7) Алушы қорға жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін және міндеттемелерін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күнге дейін осы жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің шартты бірлігін е с е п т е у д і ж а л ғ а с т ы р а д ы ;

8) Алушы қорға жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін және міндеттемелерін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күнге дейін пруденциалдық нормативтерді және басқа да міндетті нормалар мен лимиттерді е с е п т е у д і ж а л ғ а с т ы р а д ы ;

9) қаржылық және өзге де есептілікті қалыптастырып, уәкілетті органға тапсырып отыруды ж а л ғ а с т ы р а д ы ;

10) қажет болған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорының инвестиациялық декларациясына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

11) жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша міндеттемелер болса, оның зейнетақы активтері алдындағы міндеттемелерін төлеу үшін жинақтаушы зейнетақы қорының меншігі болып табылатын ақша есебінен берешек сомасын өтеу операцияларын жүзеге асырады;

12) зейнетақы активтерін Алушы қордың кастодиан банкіне (уақытша әкімшілік белгілеген мерзімде) беру рәсімі аяқталғаннан кейін жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан банкіндегі шотын жабады;

13) жинақтаушы зейнетақы қорының картотекасынан «Мерзімінде төленбеген есеп айырысу құжаттары» шоттары бойынша төлем құжаттарын төлеушілердің осы құжаттарды қайтарып алу туралы өкімдерінің негізінде қайтады;

14) Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын екі мерзімді баспа басылымында мемлекеттік тілде және орыс тілінде хабарландыру жариялау жолымен зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру лицензиясынан айырлған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін және міндеттемелерін Алушы қорға беру туралы ақпаратты салымшылардың (алушылардың) назарына жеткізеді;

15) мыналар бойынша жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының (алушыларының) жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасайды:

жинақтаушы зейнетақы қорын зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру лицензиясынан айырған күнге дейін Орталықтың жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорларына аударым жасау туралы электронды хабарламалары алынған басқа жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасалған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша;

салымшылардың (алушылардың) жинақтаушы зейнетақы қорын зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру лицензиясынан айырған күнге дейін қабылданған жинақталған зейнетақы қаражатын сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасуына байланысты сақтандыру ұйымына аударым жасау туралы өтініштері бойынша;

салымшылардың (алушылардың) жинақтаушы зейнетақы қорын зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру лицензиясынан айырған күнге дейін қабылданған ерікті және ерікті кесіби зейнетақы жарналарын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аударым жасау туралы өтініштері бойынша;

16) осы тармақтың 15) тармақшасында көрсетілген зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар мен салымшылардың (алушылардың) өтініштері бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 240 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5517 тіркелген) бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы жинақталған зейнетақы қаражаттарын аударым жасау ережесінде (бұдан әрі – Жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау ережесі) белгіленген жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау мерзімдерін бұзғаны үшін,

сондай-ақ Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңын 31-бабының 5-тармағында белгіленген тәртіпте және мөлшерде зейнетақы төлемдерін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін өсімпұл төлейді. Лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорында меншікті қаражат болмаған жағдайда өсімпұлды Алушы қор төлейді;

17) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес зейнетақы төлемдеріне құқығы бар салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асырады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

27-1. Жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық есептілікке және қаржылық есептілікпен байланысты өзге ақпаратқа, оның нәтижесі бойынша лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтеріне кіретін қаржы құралдарын бағалауға аудит жүргізген жағдайда аудиторлық ұйымды таңдауды жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша өкімшілігі жүзеге асырады.

Ескерту. 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасы төрағасының 2010.03.01 N 20 Қаулысымен.

28. Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасы төрағасының 2008.01.25. N 9 (мемлекеттік тіркеуден откен күннен бастап он төрт күн откеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулысымен.

28-1. Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.07.07. N 137 Қаулысымен.

29. Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.07.07. N 137 Қаулысымен.

3-1-тарау. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін және міндеттемелерін Алушы қорға беру

Ескерту. 3-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.07.07. N 137 Қаулысымен.

29-1. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы журналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті

жүзеге асыру лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін және міндеттемелерін Алушы қорға беруді уақытша әкімшіліктің, Алушы қордың, бұрынғы және жаңа кастодиан банктер мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың арасында жасалатын зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін және міндеттемелерді беру туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) және зейнетақы активтері мен міндеттемелерді қабылдау-тапсыру актісінің негізінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша уақытша әкімшілік жүзеге

а с ы р а д ы .

Ескерту. 29-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

29-2. Уақытша әкімшілік, оны тағайындаған күннен бастап үш күнтізбелік күннен кешіктірмей осы Ереженің 29-3-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру шарттары бойынша зейнетақы активтерін және міндеттемелерін қабылдау туралы ұсыныстарын жібереді.

Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиядан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау туралы ұсынысы осы тармағының 2) тармақшасында көзделген меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициентіне стресс-тестингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді

қ а м т и д ы .

Лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін және міндеттемелерін қабылдауға ниеттенген жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау туралы ұсыныс жіберілген күнінен бастап бес күнтізбелік күн ішінде уақытша әкімшілікке ерікті нысанда жасалған зейнетақы активтері мен міндеттемелерді қабылдауға ниеттенгені туралы өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) береді, оған қоса мыналарды береді:

1) лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының өтімділігін жақсартуға қажетті шараларды көздейтін іс-шаралар жоспарын, онда осы жоспарды орындау мерзімдері мен жауапты адамдары көрсетіледі;

2) лицензиядан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы

активтерін қабылдауға байланысты жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің және салымшылардың (алушылардың) азаоы салдарынан зейнетақы активтері мөлшерінің он бес, он және бес пайызға ықтимал азаоына өткізілген стресс-тестингтің қорытындылары.

Ескерту. 29-2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.01 N 20 Қаулысымен.

29-3. Уақытша әкімшілік ұснынс жіберілген күннен бастап он қүнтізбелік күннен кешіктірмей осы Ереженің 29-2-тармағында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берген жинақтаушы зейнетақы қорларының қатарынан және мынадай талаптарға сәйкес келетін Алушы қорды таңдайды:

1) өтініш беру күніне дейін соңғы бес жыл ішінде зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруы;

2) өтініш беру күнінде астанада, республикалық маңызы бар қалада және лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының филиалдары орналасқан облыстарда филиалдардың болуы. Филиалдары болмағанда – уақытша әкімшілік Алушы қорды таңдау туралы шешім қабылдаған күннен бастап алпыс қүнтізбелік күн ішінде филиалдар ашу туралы жазбаша міндеттемені үснү;

3) өтініш беру күнінің алдындағы соңғы ай ішінде қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген меншікті капиталдың жеткіліктілігі және зейнетақы активтерінің кірістілігі бойынша пруденциалдық нормативтерді бұзу фактілерінің болмауы;

4) жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері оның өтініш беру күнінде лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мөлшерінен кем емес шамада болуы;

5) ірі қатысушы мәртебесін иеленуге қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісімі талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетін барлық тұлғалардың өтініш беру күніне дейін кем дегенде бір жыл бұрын берілген қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ірі қатысушы мәртебесін иеленуге келісімінің болуы;

6) жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы (занды тұлға) өтініш беру күніне дейін соңғы бес жыл ішінде дефолтқа және (немесе) өзінің міндеттемелерін қайта құрылымдауға жол бермеген.

Осы тармақтың 3) тармақшасында белгіленген талап лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру

туралы шарттары бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау салдарынан меншікті капиталдың жеткіліктілігі және зейнетақы активтерінің кірістілігі бойынша пруденциалдық нормативтерді бұзуға жол берген жинақтаушы зейнетақы қорына қолданылмайды.

Өтініш берген бірнеше жинақтаушы зейнетақы қоры осы Ереженің 29-3-тармағының талаптарына сәйкес келген жағдайда, уақытша әкімшілік осы Ереженің 29-2-тармағы үшінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген стресс-тестингтің ең жақсы нәтижелері бар жинақтаушы зейнетақы қорын таңдаиды.

Ұсыныс жіберілген күннен бастап жеті күнтізбелік күн өткен соң өтініштер болмаған немесе өтініш берген жинақтаушы зейнетақы қоры осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда уақытша әкімшілік лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша зейнетақы активтерін және міндеттемелерін мемлекеттің, ұлттық әл-ауқат қорының және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қатысуы бар жинақтаушы зейнетақы қорына беруді жүзеге асырады.

Ескерту. 29-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

29-4. Уақытша әкімшіліктің лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру жүзеге асырылатын Алушы қорды таңдау туралы шешімі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға келісуге жіберіледі.

Ескерту. 29-4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

29-5. Уақытша әкімшіліктің Алушы қорды таңдау туралы шешімі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келіскеңнен кейін уақытша әкімшіліктің, Алушы қордың, бұрынғы және жаңа кастодиан банктер мен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың арасындағы зейнетақы журналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін Алушы қорға беру рәсімі айқындалатын Келісімге қол қойылады.

Ескерту. 29-5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

29-6. Келісімге қол қойылғаннан кейін жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігі Алушы қорға қабылдау-өткізу актісі бойынша ерікті, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары салымшыларының тізімін және ашық жеке зейнетақы шоты бар, Алушы қор оларға сәйкес автоматтандырылған ақпараттық деректер базасында салымшыларға (алушыларға) жеке зейнетақы шоттарын ашатын осы жинақтаушы зейнетақы қорымен жасалған зейнетақымен қамсыздандыру шарты туралы мәліметтері жоқ, салымшылардың тізімін береді.

Жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігі Орталыққа Алушы қорға берілетін, мәліметтері міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне енгізілген жинақтаушы зейнетақы қорымен міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан міндettі зейнетақы жарналар салымшыларының тізімін береді. Осы тізім мәліметтерді Орталыққа берген күнінің алдындағы күнінің аяғындағы жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының осыған ұқсас тізіміне сәйкес

ке л у і т и і с .

Орталық жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігінен жинақтаушы зейнетақы қорымен міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру шоттарын жасасқан, Алушы қорға берілетін міндettі зейнетақы жарналар салымшыларының тізімін алған күнінен кейін келетін бір жұмыс күнінен кешіктірмей оларды міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру шартын жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне енгізеді және ол туралы Алушы қорды және жинақтаушы зейнетақы қорын уақытша әкімшілігін хабардар етеді.

Алушы қор Орталықтың мәліметтерді міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне енгізгені туралы электронды хабарлама алған күні салымшыға (алушыға) автоматтандырылған ақпараттық деректер базасында жеке зейнетақы

ш о т ы н а ш а д ы .

Жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігі Орталықтың мәліметтерді міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне енгізгені туралы электронды хабарламаны алған күні салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарын жабады.

Алушы қордың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің деректер базасында салымшыларға (алушыларға) жеке зейнетақы шоттарын ашқан күнінен кейін келетін бір жұмыс күнінен кешіктірмей уақытша әкімшіліктің, Алушы қордың, жаңа және бұрынғы кастодиан банктерінің және зейнетақы

активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың арасында зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылады.

Ескерту. 29-6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 124 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

29-7. Зейнетақы активтері мен міндеттемелерді қабылдау-тапсыру актісі ресміделген кезде онда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) тапсыру күніне зейнетақы активтерінің жалпы сомасы, оның ішінде:
шоттардағы инвестицияланбаған ақша қалдықтары;

зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген бағалы (ұзақ мерзімді және/қысқа мерзімді) қағаздардың жиынтық құны және тапсырылатын ұлттық бірегейлендіру нөмірі, айналыста болу мерзімі, саны (дана) сатып алу бағасы, бір бағалы қағаз бірлігінің ағымдағы құны, пайыздар мен дивидендтер бойынша есептелген кірісі, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының есепке алу жүйесінде кастодиан банктің жеке шотының аясында ашылған жинақтаушы зейнетақы қорының қосалқы шотындағы бағалы қағаздардың жалпы саны көрсетілген бағалы қағаздардың тізбесі;

"кері репо" операциялар бойынша сатып алғынған бағалы қағаздардың (ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді) жиынтық сомасы және ұлттық бірегейлендіру нөмірі, айналыста болу мерзімі, саны (данасы), сатып алу бағасы, бір бағалы қағаз бірлігінің ағымдағы құны, жабылу бағасы және пайыздар бойынша есептелген кірісі көрсетілген тапсырылатын бағалы қағаздардың тізбесі;

екінші деңгейдегі банктердегі салымдар (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде) және банктің атауы, салым сомасы, банктік салым туралы шарт жасалған күні, шарттың қолданыста болу мерзімі, салым бойынша жылдық сыйақы ставкасы, салым бойынша есептелген және алғынған сыйақы сомалары көрсетілген **салымдардың тізбесі**;

зейнетақы активтері орналастырылған басқа қаржы құралдарының сомасы, саны және тізбесі, міндеттемелер сомасы, оның ішінде қателесіп есепке алғынған сомалар, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымына, кастодиан банкке, зейнетақы активтерін қабылдайтын жинақтаушы зейнетақы қорына комиссиялық сыйақы сомалары, өзге міндеттемелер;

2) лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті қаражаты есебінен өтеуге және оның салымшыларының (алушыларының) жеке зейнетақы шоттарына аударым жасауға жатқан комиссиялық сыйақының есепке алғынған теріс сомасы, сондай-ақ өтелген теріс комиссиялық сыйақыдан лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті қаражаты есебінен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына нақты

аударым

жасалған

сомалар;

3) мәліметтері міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру шартын жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне енгізілген, жинақтаушы зейнетақы қорымен міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру шартын жасасқан міндettі зейнетақы жарналары салымшыларының тізімі;

4) ерікті, ерікті кесіби зейнетақы жарналары салымшыларының тізімі;

5) осы жинақтаушы зейнетақы қорымен жасасқан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жөніндегі мәліметтері жоқ ашиқ жеке зейнетақы шоты бар салымшылардың тізімі;

6) осы Ереженің 27-тармағының 15) тармақшасында көрсетілген зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі шарттар мен өтініштер бойынша жинақталған зейнетақы қаражаты аударылмаған салымшылардың (алушылардың) тізімі;

7) жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиядан айырылған күннен бастап және зейнетақы активтері мен міндettемелерін қабылдау-өткізу актісіне қол қойған күнге дейінгі кезеңде алынған Орталықтың жинақталған зейнетақы қаражатты басқа жинақтаушы зейнетақы қорларына аударым жасау туралы электронды хабарламасы орындалмаған салымшылардың (алушылардың) тізімі;

8) жинақталған зейнетақы қаражатын аудару ережесінде белгіленген жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау мерзімдерін бұзғаны үшін, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін уақтылы емес жүзеге асырғаны үшін төлеуге жататын осімпұлдың сомасы;

9) лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті қаражаты есебінен өтеуге жатқан номиналды кірістің көрсеткіштері мен кірістіліктің барынша төмен мәні арасындағы айырмасын өтеу және салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына аударым жасау бойынша міндettемелер сомасы, сондай-ақ лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті қаражаты есебінен (ол бар болғанда) номиналды кірістің көрсеткіштері мен кірістіліктің барынша төмен мәні арасындағы айырмасын өтеуден салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына нақты аударым жасалған сома.

Ескерту. 29-7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.01 N 20 Қаулысымен.

29-8. Салымшылармен жасалған міндettі, ерікті және ерікті кесіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарының және

жинақталған зейнетақы қаражатын сақтандыру ұйымдарына аудару туралы өтініштердің түпнұсқалары барлық оларға қоса берілетін құжаттарымен Алушы қорға құжаттарды қабылдау-тапсыру актінің негізінде тапсырылады.

29-9. Осы Ереженің 29-7-тармағының 3), 4), 6) тармақшаларында көрсетілген салымшылардың тізімінде мынадай ақпарат қамтылады:

жеке зейнетақы шотының нөмірі;

салымшының (алушының) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туган күні;

салымшының (алушының) жынысы;

жеке сәйкестендірудың нөмірі;

зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың нөмірі және жасалған күні;

салымшының (алушының) жеке басын қуәландыратын құжаттың нөмірі, оны берген мемлекеттік орган туралы мәліметтер, берілген күні;

салымшының (алушының) мекен-жайы, тұрғылықты жері;

жеке зейнетақы шотына келіп түскен барлық түсімдердің сомалары туралы.

Осы Ереженің 29-7-тармағының 6), 7) тармақшаларында көрсетілген салымшылар тізіміне қосымша Орталықтың жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару туралы электрондық хабарламаның деректемелері туралы ақпарат кіреді.

Ескерту. 29-9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.01 N 20, 2010.03.29 № 50 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

29-10. Зейнетақы журналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін Алушы қордың шоттарына аударым жасау Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан активтерге қатысты - зейнетақы активтерін және міндеттемелерін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, ал шетелдік кастодиан банктердің шоттарындағы активтерге қатысты - зейнетақы активтерін және міндеттемелерін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

29-11. Осы Ереженің 27-тармағының 15) тармақшасында көрсетілген салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының аударымдарын қоспағанда, жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы журналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айырылған күннен бастап және зейнетақы активтері мен міндеттемелерін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен он күнтізбелік күн өткенге дейінгі кезеңде жинақтаушы зейнетақы қоры алымшыларының (алушыларының) жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе сақтандыру

Ұйымдарына аударым жасау тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 29-11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.01 N 20 Қаулысымен.

29-12. Алушы қор зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясынан айырылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін және міндеттемелерін қабылдағаны туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының барлық аумағына тарапатын екі мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялады.

29-13. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін Алушы қорға берумен байланысты шығыстар жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

4-тaraу. Ұйымның ақшалай және басқа да құндылықтарын тексеру (ревизия жасау), құжаттар мен мүлікті қабылдау, тапсыру, мүлікті түгендеу

30. Уақытша әкімшілік тағайындалған сәттен бастап күнтізбелік құн ішінде ұйымның, оның филиалдарының, өкілдіктерінің кассалық торабынан тыс орналасқан кассалардағы, банкоматтардағы және операциялық кассалардағы барлық ақшалай және материалдық құндылықтарды, сондай-ақ қатаң есептегі бланкілерді тексереді (ревизия жасайды).

Ревизия кенет жасалады, барлық қолма-қол ақша, құндылықтар, қатаң есептегі бланкілер тексеріледі және ұйымның барлық құрылымдық бөлімшелерінде бір мезгілде бір күнде басталады. Ревизия қорытындысы актімен ресімделеді. Ревизия қорытындысы бойынша қолма-қол ақшаның, құндылықтардың жеткіліксіз болуы анықталған жағдайда, осы факті бойынша құжаттар құқық қорғау органдарына беріледі.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 124 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

31. Уақытша әкімшілік ұйымның барлық мөрлерін (мөртабандарын) қабылдағаннан кейін ұйымның құжаттарын қабылдайды, ал ұйымның басшысы мен бас бухгалтері оларды тапсырады.

Құжаттарды қабылдау-тапсыру уақытша әкімшілік белгілеген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады және актімен ресімделеді.

32. Уақытша әкімшілік ұйымның басшысымен және бас бухгалтерімен бірлесіп мүлікті түгендеуді ол басталған күннен бастап бір ай ішінде жүргізеді.

Түгендеді жүргізу үшін түгендедеу комиссиясы құрылады, оның құрамын уақытша әкімшіліктің басшысы бекітеді.

Түгендедеу ұйымның басшысына уәкілетті органның уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімін табыс еткен күні басталады. Түгендеді жүргізу мерзімі уәкілетті органның келісімімен жұмыстың сипаты және көлемі ескеріле отырып ұзартылуы мүмкін.

Ескеरту. 32-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 124 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

33. Түгендеді жүргізбес бұрын түгендедеу комиссиясы:

1) қосымша үй-жайларды, жертөле және жеке кіретін әрі шығатын есіктері бар мүлікті сақтаудың басқа орындарын пломбылайды;

2) түгендедеу сәтіне соңғы келіп түсетін және жіберілетін құжаттарды немесе түгендедеге жататын мүліктің қозғалысы туралы есептерді алады.

34. Түгендедеу нәтижелері актімен ресімделеді, оған түгендедеу комиссиясының мүшелері және материалдық жауапты адам қол қояды.

Уақытша әкімшілік түгендедеу (салыстырып тексеру) нәтижелерін ескере отырып, ұйымның материалдық құндылықтарын, мүлкін қабылдайды, ал ұйымның басшысы мен бас бухгалтері оларды тапсырады.

5-тaraу. Қорытынды ережелер

35. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.